

Мемлекеттік мүлікті жалдаудың (ақысыз пайдалану)

№ 384

19.07.2022 жыл

Бұдан әрі «жалға беруші» деп аталатын «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір аудананың білім бөлімі» «Абай атындағы жалпы орта білім беретін» КММ атынан басшы Б.Т.Жакупова бір тараптан және бұдан әрі «жалға алушы» деп аталатын Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы ММ ШЖҚ «Темір аудандық ауруханасы» МКК-ны атынан басшы С.Ж.Жанахметов екінші тараптан бірлесіп отырып Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының, Ақтөбе облысы әкімдігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №347 қаулысымен бекітілген «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ Ережесіне сәйкес, «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ 2022 жылғы 11 шілдедегі № 1-1/1823 және «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ 18 шілдедегі №1661 хаты негізінде сонымен қатар «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ-нің 18.07.2022 №П-131 «Өтеусіз пайдалануға беру туралы» бұйрығына сәйкес мына төмендегі осы шартты (бұдан әрі- Шарт) жасасты.

1.Шарттың нысанасы

1.Осы Шарттың талаптарына сәйкес, Теңгерім ұстаушы Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Саркөл ауылдық округі, Шұбарши ауылы, Аврова №1А көшесінде орналасқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір аудананың білім бөлімі» ММ Шұбарши мектеп-бөбекжай балабақшасы» КММ-ның балансында тұрған, бұдан әрі «объекті» деп аталатын 17,2 м² медициналық кабинетті ақысыз пайдалану үшін жалға беруші мүліктік жалдауға (жалға алуға) береді, ал жалға алушы қабылдап алады.

2.Жалпы шарттар

3. Объектіні жалдауға беру жалға алушының, баланс ұстаушының өкілдері қол қоятын және жалға беруші бекітетін қабылдау-тапсыру актісі бойынша (беру сәтінде объектінің іс жүзіндегі жай-күйін көрсете отырып) жүзеге асырылды және осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4.Жалға берушінің шартқа қол қоюымен және баланыс ұстаушының жазбаша келісімімен тапсырылатын объектінің беру сәтінде кепілдікке қойылмағандығын, сатылмағандығын, тыйым салынбағандығын және шартқа қатысы жоқ үшінші тұлғалармен шарттың әрекет етуі ішінде талап етілмейтіндігін куәландырады.

5.Жалға алушы өрт пен электр қауіпсіздігін камтамасыз етуге, жалдап отырған үй-жайлардағы техникалық құралдар мен инженерлік жабдықты дұрыс пайдалануға, сондай-ақ осы тармақта көзделген шарттардың тиісті түрде орындалмауының салдарына толық жауап береді.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.

6. Жалға берушінің:

1) баланс ұстаушымен келісім бойынша объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға және қосалқы жалға беруге жалға алушыға жазбаша рұқсат беруге;

2) тараптардың келісімі бойынша шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге немесе оны бұзуға;

3) объектінің мақсатты пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыруға құқығы бар.